



етеді, оның ең нақты дәлелі құрамында тозилдік лигандасы бар комплекстерді (7) және (8) табу және бөліп алу болар еді.

Екінші мүмкін болатын механизм "алкоголяттық" деп аталады, себебі реакция барысында бастапқы аралық интермедиат түрінде алкоксилді (алкоголятты) комплекс  $(R^1O)PdXL_2$  (10) түзіледі деп болжанған [29, 30]. Механизмді келесі сұлба түрінде көрсетуге болады:



Мұндай механизмнің дәлелі карбалкоксилатты интермедиаттарды (11) бөліп алу болып табылады [31].

Үшінші түрлі механизмнің де ("координациялық механизм") болу мүмкіндігін болжаған, бұл кезде соңғы өнім фрагменті металлкомпекстүзушінің координациялық сферасында қанықпаған субстраттың CO-мен әрекеттесуі кезінде қалыптаса бастайды. Мұндай механизмді [32] төмендегі сұлба түрінде көрсетуге болады:



мұндағы, М - металл;  
L - лиганд